

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік  
колледжі

Тақырыбы:  
Сипаттау тәсілі.  
Бейнелеп аудару  
тәсілі

Алматы 2016

**Сипаттама аударма (экспликация)** – белгілі бір ұғымды басқа тілдің құралдарымен сипаттаудан (оның мағынасын экспликациялаудан) тұратын аударма тәсілі. Бұл тәсіл аударма тілінде сәйкес атаудың болмаған жағдайында немесе аудармашының оны білмеген жағдайында пайдаланылады.

Сипаттама аударма – аудармашыға ең қиын жағдайларда көмек көрсететін әмбебап тәсіл. Ол әлеуметтік, географиялық не ұлттық ерекшеліктерге байланысты аударма тілінде сай ұғымды белгілейтін сөз жоқ болғанда өте тиімді. Сипаттама аударма таныс емес реалий сөздерді (баламасыз лексиканы) оқырман мен тыңдаушыға түсіндіріп жеткізеді. Бұл тәсіл транслитерация немесе транскрипция арқылы жиі қолданылады. Бұл аудармашы үшін өте қиын, ал оқырман не тыңдаушы үшін өте жеңіл тәсіл. Сипаттау – сызықша, жақша, сілтеме, кітап соңындағы ескертпелер арқылы беріледі. Тікелей контекстегі реалий сөздерді түсіндіру – көркем аударманың ерекшелігі.

Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романының 1960 жылғы А.Садовский жасаған орыс тіліндегі аудармасында осындай мысалдар кездеседі: «...Омар кинулся на него с поднятым в руке **шокпаром**— *короткой, с утолщенным концом дубинкой*»; «И шелковое платье, и эта *бархатная безрукавка -бешмет*,...роскошные **косай-калош** — *низкие сапожки...*»; «По самому обрыву тянулись в ряд какие-то сооружения, напоминающие **мазары**— *надгробные памятники богатых людей*; ...свирепо рявкнул [Жуман]: - «**Подай камчу!**» Кошкарбай молча подал ему *ременную плеть*».

Экспликация немесе суреттеу (сипаттау) аудармасы дегеніміз – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі аударма тілінің сөз тіркестерімен, яғни олардың мағынасын сипаттау (суреттеу) арқылы толық түсінік немесе анықтама беретін лексикалық – грамматикалық ауыстыруды айтамыз. Экспликацияның (суреттеудің) көмегімен оригиналдағы кез-келген эквивалентсіз сөздің мағынасын беруге болады: conservationist қоршаған ортаны қорғауды жақтаушы, whistle –stop speech – сайлау алдындағы үгіт жұмысы кезіндегі кандидаттың сөйлеуі.

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік колледжі

Тақырыбы:  
Жуықтатылған  
аударма тәсілі

Алматы  
2016



Жуықтатылған аударма-негізгі тілдегі лексикалық бірлікке, аударма тілінде баламасы жоқ, бірақ маңғыналық сәйкестігі бар сөзді табу тәсілі. Лексикалық бірліктердің мұндай жуық элементтерін «аналогтар» деп атауға болады. Мысалы: know-how – өндіріс құпиялары. Аударма процесінде «аналогтарды» қолдана отырып, кей жағдайда олардың берілген құбылыс немесе заттың сипаты туралы бұрыс түсінік беретінін ұмытпау керек.

